

М.С. Джангужиев , **Г.Ж. Балжанова** , **Г.С. Саркулова*** 

Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Қазақстан, Орал қ.

*e-mail: galiyasarkulova@mail.ru

САРАЙШЫҚ – ДАЛАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШІ

Мақалада Сарайшық қаласының Алтын Орданың негізгі қалаларының бірі ретінде өркениеттер жүйесіндегі орны сипатталады. Ортағасырлық Қазақстан тарихында өзіндік орны бар ерекше қала Сарайшық қаласының саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және тарихи маңызы ашылған.

Авторлар қаланың географиялық орналасу ерекшелігінен бастап, өркениеттер жүйесіндегі алатын орнына басты назар аударған. Сарайшық қаласына шетел тарихшылары мен ғалымдарының, саяхатшыларының да берген бағасы кеңінен сипатталған. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстан қалаларының өркениеттер тоғысқан жерде орналасуының маңызы қарастырылған.

Көне Сарайшық шаһары – ортағасырлық Қазақстан тарихында өзіндік ерекше орны бар қалаға жатады. Егерде еліміздің оңтүстік өңірі мен Жетісу өңіріндегі қалалық мәдениеттің көрінісін көптеген ортағасырлық үлкенді-кішілі қалалардан, қамалдардан, бекіністерден, елді-мекендерден көре алсақ, батыс өңірдегі қалалық – Сарайшық қаласы арқылы байқалады.

Қазақ хандығының алғашқы ресми мемлекет ретінде қалыптасу кезеңіне қызмет еткен тарихи тұлға Керей ханның ұлы Бұрындық ханның Сарайшықты мемлекеттің негізгі тірек-тұғыры ретінде пайдалануы саяси-стратегиялық және экономикалық жағынан ұтымды болды.

Себебі, Біріншіден Сарайшық өңірі – XV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда біржолата ыдыраған уақыттан бері саяси біртұтастықты көксеген Шығыс Дешті-Қыпшақ тайпаларының жайлы қонысы, тұрақты мекені болғандығы белгілі. Екіншіден Қазақ хандығы үшін стратегиялық-әскери жағынан қолайлы болды, үшіншіден, Сарайшықтың Ұлы Жібек жолының маңызды түйіні болуы – оның экономикалық тиімділігін де мойындататыны анық.

Түйін сөздер: ортағасырлық қалалар, Сарайшық, өркениет, Ұлы Жібек жолы, көне шаһар, Алтын Орда, Қазақстан қалалары.

M.S. Dzhanguzhiev, G.Zh. Balzhanova, G S. Sarkulova*

West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan,
Kazakhstan, Uralsk

*e-mail: galiyasarkulova@mail.ru

Sarayshyk – monument to steppe civilization

The article describes the place of the city of Sarayshyk in the system of civilizations as one of the main cities of the Golden Horde. The political, socio-economic, cultural, and historical significance of Sarayshyk is revealed – a unique city that holds a special place in the history of medieval Kazakhstan.

The authors focus on the city's place in the system of civilizations, based on the characteristics of its geographical location. The evaluation of Sarayshyk by foreign historians, scholars, and travelers is widely described. The importance of the location of the cities of Kazakhstan on the Great Silk Road at the crossroads of civilizations is also considered. While we can see the reflection of urban culture in the southern region of the country and the Zhetysay district in many medieval large and small cities, castles, fortresses, and settlements, in the western region, this can be seen through the city of Sarayshyk.

The use of Sarayshyk as the main stronghold of the state by Burunduk Khan, the son of Kerey Khan, a well-known historical figure during the formation of the Kazakh Khanate as an independent state, was also rational from a political, strategic, and economic point of view. Firstly, since the final collapse of the Golden Horde in the second half of the 15th century, the Sarayshyk region was a well-maintained settlement and a permanent place of residence for the eastern tribes of the Desht-i-Kipchak, who longed for political unity. Secondly, it was convenient in terms of strategy and military matters for the Kazakh Khanate, and thirdly, Sarayshyk was an important hub on the Great Silk Road – hence, its economic efficiency.

Key words: medieval cities, Sarayshyk, civilization, Great Silk Road, ancient city, Golden Horde, cities of Kazakhstan.

М.С. Джангужиев, Г.Ж. Балжанова, Г.С. Саркулова*
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана,
Казахстан, г. Уральск
*e-mail: galiyasarkulova@mail.ru

Сарайшық – памятник степной цивилизации

В статье описывается место города Сарайшика в системе цивилизаций как одного из главных городов Золотой Орды. Раскрыто политическое, социально-экономическое, культурно-историческое значение Сарайшика – уникального города, имеющего особое место в истории средневекового Казахстана.

Авторы акцентировали внимание на месте города в системе цивилизаций, исходя из особенностей его географического положения. Широко описана оценка города Сарайшика зарубежными историками, учеными и путешественниками. Рассмотрено значение расположения городов Казахстана на Великом Шелковом пути на перекрестке цивилизаций. Если отражение городской культуры южного региона страны и Жетысуского района мы можем увидеть во многих средневековых больших и малых городах, замках, крепостях, поселениях, то в западном регионе, это можно увидеть через город Сарайшик.

Использование Сарайшика как главной опоры государства сыном Керей хана Бурундук ханом, известной исторической личности в период становления Казахского ханства как независимого государства, также было рациональным с политической, стратегической и экономической точки зрения. Во-первых, еще со времен окончательного распада Золотой Орды во второй половине XV века, район Сарайшика был благоустроенным поселением и постоянным местом жительства восточных племен Дешт-и-кипчака, жаждавших политического единства. Во-вторых, это было удобно в стратегическом и военном отношении для Казахского ханства, и в-третьих, Сарайшик являлся важным узлом Великого Шелкового пути – отсюда, и его экономическая эффективность.

Ключевые слова: средневековые города, Сарайшық, цивилизация, Великий Шелковый путь, древний город, Золотая Орда, города Казахстана.

Кіріспе

Қазақстан территориясында ортағасырлық қалалардың оңтүстік аймақтарда шоғырланғаны белгілі. Отан тарихындағы ортағасырлық қала белгілі бір саяси орталық, әлеуметтік-экономикалық мәселелер шешілетін орын деп қарастырылады. Шын мәнінде ортағасырлық Қазақстан қалаларын белгілі бір өркениет орны деп сипаттауға болады.

Көне Сарайшық шаһары – ортағасырлық Қазақстан тарихында өзіндік ерекше орны бар қалаға жатады. Егерде еліміздің оңтүстік өңірі мен Жетісу өңіріндегі қалалық мәдениеттің көрінісін көптеген ортағасырлық үлкенді-кішілі қалалардан, қамалдардан, бекіністерден, елді-мекендерден көре алсақ, батыс өңірдегі қалалардан – Сарайшық қаласы айқын байқалады (Мұстафин, 2015: 68)

Қаланың әлемдік өркениеттегі орнын айғақтау үшін қаланы сол өркениеттің әрбір сатысы мен әрбір дәуіріндегі жалпыға бірдей еңбек бөлінісін, функциясы мен статусын көрсететін айна деп қарауымыз керек. Ортағасырлық қаланың негізі монғолдар билігіне дейін қаланған, ал аты төрткүл әлемге жайылған уақыты Алтын Орда хандарының Кіші астана ретінде пайдалана бастаған кезеңімен байланыстыруға әбден

болады. Өйткені осы тұста Сарайшық шетел елшілерінің, саудагерлерінің, жиһангерлерінің назарына іліккен. Сондықтан әлем елдері Алтын Орда хандарымен мәдени-саяси, саудасаттық байланысын орнатуға, оны танып білуге асыққан.

Мыңдаған жылдар аралығында жаһан тарихында Ұлы Жібек жолы өркениеттердің араласатын негізгі мәдени бағыт болғаны белгілі. Жібек жолы бойындағы Қазақстан жеріндегі орналасқан қалалардан әр түрлі елден келген саудагерлер мен тауарларды кездестіруге болған. Қара теңіз және Алтай-Зайсанды байланыстыратын Жібек жолының солтүстік бөлігі «Дала жолы» деп аталып, Каспий теңізінің терістігінен өтетін болған. Орыс зерттеушісі А.И. Левшин кейінгі заманда бұл жолды «Ноғай жолы» деп атаған және халықаралық саудада маңызды рөл атқарған. Левшиннің пікірін П.И. Неболсинде қолдайды. Оның жазуынша бұл керуен жолдары XI-X ғасырда да өмір сүрген, оның айтуынша Хиуадан шыққан керуен Ташкент, одан Маңғышлақ, сосын Сарайшық арқылы Орынборға өтетін болған (Мұстафин 2015: 75). Сауда бар жерде мәдени байланыс болатындығын тарихтан айқын біле аламыз. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстан қалаларын белгілі бір дәрежеде осы өркениеттердің тоғысы

ретінде қарауға мүмкіндік береді. Сарайшық қаласы да осындай бір өркениеттер тоғысқан жерде орналасқан.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Көшпелілер мен отырықшылар ортағасырда белгілі бір тығыз қарым-қатынаста болғандығын тарих әлдеқашан дәлелдегені шындық. Көрнекті археолог, ежелгі Хорезмді зерттеуші С.П.Толстов өз еңбектерінде: «Қалалық өркениетті тек жер өңдеудің, отырықшылықтың нәтижесі деп санау үлкен қателік» – деген түйін жасайды (Толстов, 1953: 56). Қалалар көшпелі және отырықшы шаруашылықтарды біріктерген, сондықтан олар сол кезде өзіндік дамуының шыңына жеткен деген ғалымның пікірі дұрыс екенін уақыт дәлелдеді. Сонымен қатар Кеңес заманында қазақ жеріндегі ежелгі қалалар туралы терең, көлемді, мағыналы еңбектің жоқтығы Сарайшық қаласының тарихын еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана зерттеу қажеттігі туындады. Кеңестік ғылыми әдебиеттерде Сарайшық қаласы жайында қысқа мәліметтер ғана келтірілген. Ортағасырлық Сарайшық қаласының нығаюы және қала атауының мән-мағынасы жайлы алғашқы деректер белгілі ғалым Н. Ибрагимовтың «Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии» деп аталатын жұмысында «Сарайшық» сөзінің мағынасы «кіші сарай» деген мағынаны білдіретінін айтып өтеді (Ибрагимов, 1988: 15-6.)

Атақты тарихшы, ғалым Карл Байпақов Қазақстанның ортағасырлық мәдениетін жан-жақты зерттеді. Оның «Қазақстанның ежелгі қалалары» атты энциклопедиялық еңбегінде ортағасырлық қалалардың пайда болуы, нығаюы мен өркендеуі жайында кеңінен мәлімет ұсынады. Ғылыми еңбекте қала тұрғындары мәдени өркендеуі, қала ішіндегі қолөнер, қалалардың ішкі құрылысы мен жауға тойтарыс берудегі ақпараттар келтіріледі. Ғалымның назарындағы негізгі қалалар Жетісу аймағындағы ортағасырлық орталықтар болып табылады (Байпақов, 2005: 91).

Кеңес заманында ғалымдардың арасында Сарайшық қаласы Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан транзиттік сауда қаласы деген пікір қалыптасқан. Бірақ, аталмыш қалашыққа жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары оның моңғол дәуіріне дейін қалыптасқанын дәлелдейтін фактілерді Әлкей Марғұлан 1950-1951 жылдардағы археологиялық экспедиция жұмыстары нәтижесінде жариялаған бола-

тын (Марғұлан, 1951: 56). Ғалым С.П. Толстов 1950 жылы Сарайшық қаласына барғаннан кейін Сарайшықтың төменгі мәдени қабаты XI ғасырдағы хорезмдік ескерткіштерге ұқсас, сондықтан оны X-XI ғасырларда хорезмдік колония тұрғызған болуы керек дейді. Осыған орай, Сарайшық оның алғашқы атауы емес, ол ерте ортағасырлық Саксин қаласы болу мүмкін деп те тұжырымдайды (Толстов, 1953: 23). XVII ғасырда өмір сүрген осман тарихшысы Қятиб Челеби жазбаларынан Жайық өзенінің сағасында бұрын кумандардың астанасы болған Сарайшық қаласы жөнінде айтып өтеді. Кейін қала қайта салынған соң, оны ноғайлар қоныстанған. Бүгінгі таңда онда ноғайлардың хандары тұрады деп жазады. К.Челебидің еңбегін аударған ғалым Д.Девиз Сарайшықты Дешті-Қыпшақтың исламға дейінгі мәдени орталығы деп есептейді (Акишев, 1981: 89).

Осы тақырыпты зерделеу барысында тарихи зерттеулер жүргізуде қолданылатын әртүрлі ғылыми және арнайы әдістер қолданылды. Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізіне қажетті материалдарды жинақтап, оларды талдау, саралау, ұғымдарды жинақтау, пікірлерді қорыту, ғылыми тұрғыда талдау әдістері алынды. Сонымен қатар осыған дейінгі жарияланған авторлардың теориялық тұжырымдамалары мен шетелдік зерттеушілер мен саяхатшылар қалдырған көне жазбалардан алынған материалдарды талдау барысында анализ, синтездеу, жүйелеу сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Талқылау нәтижелері

Орта ғасырлар тарихында Қазақстан аумағында өмір сүрген, гүлденген мемлекеттердің бірі Алтын Орда болғаны белгілі. Орыс тарихшысы Г.А. Федоров-Давыдов: «Алтын Ордалық қалалардың тарихы жоқ. Олар тек хандардың саясатының арқасында ғана өскен. Хандар өз күштері дәуірлеп тұрғанда жаулап алынған елдердің қолөнершілері мен құрылысшыларын жинап алып, өз қалаларын көркейткен болатын. Бірақ, Алтын Орда әлсіреген кезде олар да құлдырап кетті», – деген пікір білдіреді (Ибрагимов, 1988: 150). Дегенмен бұл пікір Алтын Орданың астанасы болған Сарай Бату мен Сарай Берке қалаларына келеді. Біріншіден, Сарайлар Алтын Ордамен қатар өмір сүрсе, Сарайшық қаласы Алтын Орда құлаған соң, сауда және әкімшілік орталық ретінде өмір сүруін тоқтатпады. Археологиялық зерттеулер көрсетіп

отырғандай қаланың территориясындағы мәдени қабаттар VIII-IX ғасырларға жатады. Екіншіден, Сарайшық қаласының қалыптасуындағы өзіндік ерекшеліктер. Яғни, орта ғасырларда Еуропа мен Азияны байланыстырған Жібек жолы бойында бой көтерген керуен сарайлар өзінің географиялық ерекшеліктеріне байланысты уақыт өте келе ірі қалаға айналуы болды. Үшіншіден, қаланың пайда болуына Дешті қыпшақ даласының көшпенді халықтардың қала өнімдеріне мұқтаждығы әсер етті. Төртіншіден, Сарайшық қаласының өзі Алтын Орда империясы құлаған соң екі ғасырдан астам уақыт өмір сүрген (Қасенов, 2011: 39).

Сарайшық қаласының өркениеттер жүйесіндегі алатын орны мәселесінде басты назар аударатын жайт оның географиялық орналасуы болып табылады. Бүгінгі күні Атырау қаласынан 50 шақырымдай жерде, Жайықтың оң жақ жағалауында Сарайшық қаласының жұрты жатыр. Жайық өзені алабын ежелгі заманнан әр түрлі халықтар мекен етіп отырған. Бұл аймақ құдды бір Батыс пен Шығыстың солтүстіктегі қақпасы іспеттес болған. Сарайшық қаласы Алтын Орда ұлысы құрылған алғашқы он жылдықта ел басқаратын нояндар мен шонжарлар үшін салынған қала болатын. Дегенмен қала Алтын Орданың көптеген қалалары сияқты ежелгі қоныстардың орнына салынған. Археологиялық зерттеу нәтижелеріне қарағанда Сарайшықтың ең төменгі мәдени қабаты X-XII ғасырлардағы хазар немесе қыпшақ кезеңіне жатады. Бұл орынның Алтын Орда хандарының жаңа қала тұрғызу үшін кездейсоқ таңдалған еместігін көрсетеді. Араб көпесі, әрі зерттеушісі Ибн-Батута Сарайда 1333-1334 жылдары болған. Ол өзінің еңбегінде: «Сарайдан шыққан соң, біз он күнде Сарайджук деген қалаға жеттік. Джук дегеніміз «кіші» деген мағына білдіреді. Бұл қала Ұлысу деген өзен бойында орналасқан, Бағдаттағындай кемелі көпірлері бар», – деп сипаттайды [Толстов, 258-б.]. Яғни Орта Азия, Хорезмнен келген керуендер Сарайшық арқылы Алтын Орда астанасы Сарайға, одан әрі Қара теңізге жол тартатын болған. Сарайшық қаласы Алтын Орданың қатардағы бір қаласы емес, белгілі бір дәрежеде қала орталықтарының бірі қызметін атқарған. Мәселен, Сарайшықта Әбілғазы Баһадүр ханның дерегіне сүйенсек Алтын Орда хандарының мазары болған. Бұл пантеонда хандар, шонжарлар, мәртебелі адамдар жерленген. Мазарда ең алғаш жерленген 1266-1280 жылдары билік еткен Мөңке Темір хан делінеді (Байпақов, 2005: 56).

Жетісу мен Шығыс Қазақстанның бір бөлігінен басқа барлық қыпшақ даласы Алтын Орда құрамында болды. Қыпшақтар XI ғасырдың аяғында сыр бойында Жент, Жанакент т.б. қалаларды өздеріне қаратқан. XII ғасырдың бас кезінде олар екіге бөлініп, жартысы Арал мен Батыс Қазақстанды мекен етсе, екінші жартысы Орталық Қазақстанда өмір сүрді. Орталық Қазақстан қыпшақтарының астанасы Сығанақ қаласы болған. Тарихшы Сержан Ақынжановтың пайымдауынша осы Сығанақ иелігінде өмір сүрген ұлыс қыпшақтардың қаңлылар мен оғыз-бесенелер тайпаларымен араласуынан пайда болған дейді (Ахиетов, 2003: 25).

Қыпшақтар алғашында Жошы ұлысы құрамында, кейін Алтын Орда халқының негізін құрайды. Бұған 1245-1247 және 1253-1255 жылдар аралығында Моңғолия жеріне миссионерлік және барлау сапармен барған еуропалық саяхатшылар Плано Карпини мен Гильом Рубруктың жазбалары дәлел. Олар Дунай мен Еділ аралығын құмандар мекен етеді деп жазады. Рубрук бойынша құмандардың шығысында Еділдің сол жағында кангиттер (қаңлылар) деген халық тұрған. Бұл мәліметтер Орданың солтүстік-шығыс шекарасын анықтауға көмектеседі. Карпинидің жазуы бойынша Батудың ағасы Орда Ежен Алакөлді, інісі Шайбан Сырдария бойында қоныстанған. Рубруктың жазуы бойынша Таластан (Тараз) шығысқа қарай алты күндік жолдан кейін ұлы хан Мөңкенің иелігі басталады (Жолдасбайұлы, 1996: 25).

Араб жиһангері Әл-Омари де Алтын Орда жайлы құнды мәліметтер жазған. Ол өз еңбегінде Орданың Хорезм, Жаркент, Сығанақ, Сарай қалалары мен Сібір мен Ібір, Башқұрт және Шұлыман облыстары мен т.б. иеліктер мен қалаларды сипаттап өткен. Онымен 1331 жылы жасалған Қытай картасында да Хорезмнің солтүстігінен Сырдариядан бастап Сауранға дейінгі аралық Алтын Орда иелігі деп көрсетілген (Трепавлов, 2002: 36).

Жәнібек ханның Сарайшық тарихында алар орны ерекше. Орыс (Орыс) ханның шөбересі, өзінің немере ағасы Кереймен бірігіп Қазақ хандығының негізін қалаған. Дегенмен сол кездегі жазба деректерде оның айрықша атағы, қызметі жайлы айтылмайды. Қазақтың жылнамашысы Қадырғали Жалайыри оны Кіші Жәнібек деп жазады, себебі оны Алтын Орда ханы Жәнібекпен шатастырмау үшін болуы мүмкін. Өзбек ханның ұлы Жәнібектің кезінде астана Сарай әл-Жадид қаласы болған. Қала тек Алтын Орда ғана емес, барлық мұсылман әлемі

үшін үлкен орталық болды. Тарихшы Әбілғазы өз еңбегінде: «Жәнібек хан мұсылман хандары ішіндегі ең ғажабы болды. Ол ақылы, тақуалық мен адалдығымен көзге түскендерге ерекше құрметпен қараған», - деп жазады (Орынғали, 2004: 153).

Көшпелілер құрған Алтын Орда елі тек көшпелі салтты ұстанған жоқ. Басып алған елдерін аяусыз қырғынға ұшыратса да, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары осы елдер арасында бейбітшілік пен сауда қарым-қатынастары болғанын қалады. Сол себепті олар осы мақсатта қалалардың маңызын түсінді. Ресей тарихшысы А.Ю. Якубовский Батудан кейінгі барлық хандар қала мәдениетін көтеріп, сауда мен кәсіпті дамытуда үлкен еңбек атқарғандығын атап өтеді. Әсіресе Жәнібек ханның тұсында қала мәдениеті ерекше өркендейді.

Тарихшы В.Л. Егоров Алтын Орда тарихын тереңдетіп, жаңа көзқараспен зерттеген, әсіресе оның қалалық мәдениетіне ерекше назар аударған. Ол Орданың 110 қаласына сипаттама беріп, әсіресе 1254-1255 жылдары Бату салдырған Сарай қаласының замандастарын қалай таңқалдырғанын жазады. Егоровтың пікірінше Алтын Орда тек көшпенділер мемлекеті ғана емес, қала мәдениеті дамыған отырықшы мемлекет болған. Қазіргі бар деректерге сүйенсек Орда өз заманында қала мәдениеті барынша дамыған мемлекет болған. Олар өздері басып алған халықтардың мәдени жетістіктерін одан әрі дамыта білген (Левшин, 1996: 30).

Сарайшық қаласы Қазақстан жеріне моңғол хандары салған ірі халықаралық және ішкі сауда орталығы болған. Жайық бойында Сарайшықтан басқа қалаларда болған. Оған дәлел италиян саяхатшылары ағайынды Пициганилер 1367 жылы Еділден шығысқа қарай, Хорезмнен алыс жерде 8 қаланың барын жазып қалдырған.

Сарайшық туралы алғашқы деректер 1332 жылы Алтын Ордаға келіп, Өзбек ханның ордасында болған араб зерттеушісі Ибн-Баттута еңбегінде жазылған. Ол Өзбек ханмен бірге Бұлғарға барып кейін қайта Сарайға қайтып келген, сосын ат басын одан әрі Хорезмге бұрады. Ол жолда Сарайжүк деген қалаға аялдағанын жазады. Қала арнасы тасып асып жатқан Ұлысу деген өзен бойында орналасқан. Бағдаттағындай қатар-қатар көпірлері көп, дәруіштер дем алатын зәбия бар. Ол зәбияны түркілердің тақуа қариясы ұстайды екен, ол бізді қонақ қылып батасын берді деп құнды мәліметтер келтіреді (Акишев, 1981; 37).

1312-1342 жылдар аралығында Өзбек ханның билігі тұсында Алтын Ордада Ислам діні мемлекеттік дінге айналды. Ибн Баттутадан кейінгі деректерге сүйенсек Алтын Ордада исламның қабылдануына Баттутаның еңбегіндегі қарияның үлесі көп болған. Ол жайлы Әмір Темірдің немересі Ұлықбек өзінің «Тарих-и арба улус» («Төрт ұлыстың тарихы») еңбегінде жазады. «Сейіт қарияның арқасында халық 720 (1320) жылы мұсылмандық жолына өтті», - деп жазады. Алтын Орда мұсылмандары өздерін өзбек деп атап, кейін Арқаға көшіп кеткен. Өзбек тарихшысы Б.А. Ахмедов айтуы бойынша осы қарияның ұрпағы Қисамеддин жожа осы Арқа өзбектеріне барып зекет жинап отырған. XIX ғасырдың 20-жылдары Сарайшық орнында орыс зерттеушісі А.Левшин болып қайтқан еді. Ол қала жайлы мәліметтерді хатқа түсірген. Сол себепті осы зерттеушінің де еңбегі негізге алынды. Оның Сейіт қарияның кім екендігін жазған жолдарынан үзінді келтірсек: «Қазақтар мен татарлар Сарайшық орнын қастерлейді, әсіресе бір обаны Мұхаммед уағызшының қабірі деп аса қадірлеп, тәу етуге келеді» делінеді (Левшин, 1996 35).

Бұл мәліметтерден біз Сарайшықтың шамамен 1350 жылдары Бату ханның заманында сарай қаласымен қатар салынғанын біле аламыз. Сарайшықта Бердібек пен Жәнібек хандар таққа отырғандығы мен Жәнібек пен Тоқтының осында жерленуі, қаланың маңыздылығын көрсетеді. Бірақ Левшиннің пікірінше кейінгі тарихшылар Жайық бойындағы Сарайшықты Еділдегі Сараймен шатастырған дейді (Левшин, 1996:514).

Біздің ойымызша Левшиннің күмәні негізсіз. Себебі қате қала атауларынан кеткен деген пікірді Левшин өзі Әбілғазының орыс тілінде шыққан шығармасындағы атауын мойындау арқылы жоққа шығарады. Онымен қоса Беркенің Сарайшыққа барды деген хабарды Сараймен шатастыру мүмкінде емес, себебі Берке өз астанасына баруы еш ақылға сыймайды. Беркенің мұсылман елшілерін астанасында емес Сарайшықта күтуі қаланың беделін арттыра түседі. Әрине Әбілғазының шығармасы мен оның көшірушілері қателіктер жібермеуі мүмкін емес. Мысалы, Әбілғазы Жәнібек хан 17 жыл билік құрды деп жазады, ал расында ол 15 жыл билік еткен. Ол: «Моңғолдар мен түріктер тарихы мен олардың үрім-бұтақтарын сипаттап жазған Рашид Қазынауи», – деп сілтеме жасайтын тарихшысы парсы зерттеушісі Фазыллах Рашид ад-Дин. Әбілғазы оны жожа деп жазбаған.

Себебі Рашид ад-Дин мұсылман болғанымен қожа еместін. Тіпті оны ата-тегі еврейге жатқан, сол себепті оны тірі кезінде көп қудалаған. Әмір Темірдің ұлы Шахрух Рашид ад-Диннің мәйітін қорлаған. Бірақ оның Қазынауи аталуы мүмкін емес, ол Хамадан жерінде туылған. Хамдаллах Қазынауи деген басқа оқымысты. Бұл қателік көшірмешілерден кеткендігі анық (Қозыбаев, 1999 б).

Сарайшықтың маңызды рөл атқаруы оның Ұлы Жібек жолында Алтын Орданың Хорезм, Қытай, Иран, Моңғолия, Үндістанға барар жолда орналасуында еді. Ұлы дүрбелең (1360-1380 жж.) кезінде қала үшін Алыпқожа мен Идбан таласқан. Ол екеуі 1373 жылы қалада өз теңгелерін соқтырады. Тоқтамыс 1380 жылы Алтын Ордаға шабуылында Сараймен қатар Сарайшық пен Қажы-Тарханды басып алған. 1395-1396 жылдары Тоқтамысқа жорық жасаған Әмір Темір түсініксіз себептермен Сарайшық пен Сарайға тиіспей кетеді. XV ғасырдың басында қала саяси күрестің ортасында болған, кейін 1640 жылдардан бастап Ноғай Ордасына астана атанады.

Орыс тарихнамасында Қазан революциясына дейін Сарайшықты көбіне Алтын Орда астанасы Сарай әл-Жәдид қаласымен шатастырады. Қазіргі күнге дейін Сарай-Берке, Сарай-Бату, Сарай әл-Жәдид қалалары жайлы даулар көп. Бұл сұрақтың шешімін зерттеуші Г.Е. Федоров-Давыдов тапты десе де болады. Сонымен Сарай дегеніміз Астрахань облысы, Қарабала ауданы, Селитерн селосы маңында орналасқан қалашық болса, Сарай әл-Жәдид қазіргі Волгоград облысындағы Царево төңірегінде болған. Соңғы қаланы кейде Сарай-Берке деп те атайды, бірақ Сарай-Берке деген дербес қала болмаған. Екеуі де Алтын Орда астанасы болды. Сарай әл-Жәдидке 1428 жылы Шираздық көпес Шамседдин қажы келеді. Бұл уақытта Сарай Еділ бойындағы ең бай, ірі қала болған. Одан 28 жыл өткен соң орыс саяхатшы Афанасий Никитинде болып, өз жазбаларында қаланы Сарай деп қана атаған (Уалиханов, 1985: 20).

Археологиялық және жазбаша деректер көрсетіп отырғандай Сарайшық қаласы керуен жолдарының тоғысқан жерінде орналасқан. Онымен қоса Сарайшық өзінің гүлденген шағында Алтын Ордадағы Сарайлардан кейінгі екінші қала болған. Тарихтан белгілі Алтын Орда Шығысында Алтайдан бастап Дунайға дейін созылып жатып, бірнеше өркениеттерді біріктірген алып империя болған. Қаланың сауда жолында орналасуы, Алтын Орданың негізгі қалаларының

бірі болуы оның өркениеттер жүйесінде белгілі бір дәрежеде орны болғандығының дәлелі.

Қорытынды

Уақыт пен кеңістіктің арасын ажырату қиын. Алайда, олардың түйісу орындары бар. Бұл астана-қалалар. Алғашқыда астаналар мемлекеттің түйіні, қозғаушысы немесе өзегі ғана емес, ол мемлекеттің өзі болды. Солардың қатарында қазақ халқының тамырлы тарихында өркениет пен мемлекеттіліктің болғандығын дәлелдейтін – Сарайшық қаласы.

Осы арада Сарайшық XI ғасырдағы Қыпшақ хандығының мәдени астанасы, XIII-XV ғасырларда Алтын Орда, кейін Ноғай Ордасы, онымен қатарлас Қазақ хандығының астанасы болғанын көне тарих анық біледі. Сондықтан Алтын орда – Ноғайлы – Қазақ хандығы тарихындағы аласапыран кезең қала тарихына өзіндік қолтаңбасын қалдырды (Ғизатов, 2004 56).

Қазақ тарихының ежелгі куәларының бірі болған Сарайшық қаласының тарихын, сонау ежелгі ғасырлардан бергі мыңдаған жылдардан астам уақытқа созылған кезеңін төртке бөліп қарастыруға болады:

1. Қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі XIII ғасырда Ұлы Жібек жолы бойында ірі сауда орталығы қызметін атқарған кезеңі
2. Қаланың Алтын Орда дәуірінде саяси-стратегиялық орталыққа айналған кезеңі (XIII-XIV ғасырлар)
3. Ноғай ордасының орталығы болған кезеңі (XV-XVI ғасырлар)
4. XVI ғасырда қазақ хандарының Сарайшықты астана және мемлекеттің негізгі тірек-тұғыры ретінде пайдалану кезеңі.

Сарайшық тарихын құрайтын кезеңдердің әрқайсысының өзіне ғана тән ерекшеліктері мен табиғи және тарихи айырмашылықтары мен қала болмысының сипатты ерекшеліктері бар. Сарайшық қаласының бірінші кезеңі Шығыс пен Батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолының әлемдік мәдениеттер даңғылында, бірнеше мың жылдық салықалы тарихы бар аса маңызды кезеңіне түспа-түс келді. Сарайшық қаласының екінші кезеңіндегі мәртебесі Алтын Орда дәуіріне сәйкес келіп, арта түсті. Алтын Орданың Моңғол империясынан біржолата саяси-экономикалық дербестігін алуы Сарайшықты саяси орталыққа айналдырды. Бұл жағдай еуразия кеңістігіндегі қолайлы географиялық орналасуының нәтижесінде

Сарайшықтың саяси-стратегиялық жағдайының орнығуына себеп болды. Ал, бұл жағдай Алтын Орда хандарына Сарайшықты мойындатып, қала мәртебелілігінің даралана түсуіне қызмет етті. Бұл жағдайлардың барлығы қала тарихының үшінші кезеңінде, яғни ноғайлық дәуірде Сарайшыққа маңғыт тайпаларының үмтылуына да негіз болды. Қала тарихындағы төртінші кезең Қазақ хандығы дәуірінде Сарайшық қаласын алғашқы Астана ретінде пайдалануы, оны бағалауы осы алдыңғы кезеңдердегі шаһардың мән-маңызының артуына байланысты еді. Қазақ хандығының алғашқы ханы Керей ханның ұлы Бұрындық хан болған тұста Сарайшықты мемлекеттің негізгі тірек-тұғыры ретінде пайдаланды. Қаланың гүлденуіне атсалысып, саяси-стратегиялық және экономикалық жағынан ұтымды жүзеге асырды. (Сұлтанов, 2003: 39).

IX-XIII ғасырларда Іле аңғарын қарлұқтар басқарды. Осы кезде олардың ордасы Қаялық болды. Қаялық туралы Мөңкеге елшілікке келген Вильгельм Рубрук: «Қалада үлкен базар бар, тұрғындары тек қана мұсылман емес, онымен қоса өз шіркеулері болған христиандар да бар», -деп жазады. Ол қазіргі Қаратал өзені аңғарындағы Антовка ауылы жанында орналасқан.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларындағы архитектуралық құрылыстардың аз ғана бөлігі сақталып қалған. Сол себепті орта ғасырлық архитектураның дамуын зерделеу жұмыстары археологиялық зерттеулерге байланысты. Археологтар Құйрықтөбе, Қостөбе, Баба-Ата қалашықтарын зерттеу барысында қызықты деректер тапты. Бұл қалаларда көркемөнер ерекше дамып, сан-алуан болған. Жәдігерлер арасынан ерекше көзге түсетіндері керамика, металл

бұйымдары және пластикалық терракоталар (Самашев, 2007: 60).

Сонымен қатар қала жайлы мәліметті Шыңғысханның арнайы шақыртуы бойынша Қытайдан бастап Моңғолияға дейін, одан кейін Үндістанның солтүстіктегі шекарасына дейінгі сапарында қытайлық монах Чань-Чунь Сайрам қаласы арқылы басып өткенін жазады. Оның шәкірттерінің бірі қалада қайтыс болып, «оны қаланың шығысындағы бір төбе басына қояды». Одан кейінгі жазбаларда Сайрам қазақ хандары ордасы және ірі сауда орталығы деп аталады. Онымен қоса Түркістанның аты шыққанға дейін Сайрам үлкен діни орталықта болған. Қожа Ахмет Иассауидың бір сөзінде: «Түркістандағы әулиелер бірнеше мың болса, ал Сайрам әулиелеріне сан жетпейді», – дейді. Әулиелер мазарының ең ежелгісі XI-XII ғасырлар аралығында өмір сүрген Мир Али немесе Падишах Маликтің кесенесі. Онымен қоса Сайрамда Ахмет Иассауидің әкесі Ибрагим ата және анасы Қарашаш ананың мазарлары бар (Қазыбек, 1998:12).

Мәдени өзара іс-қимылдағы қаланың орталық ретіндегі рөлін, бірін-бірі ауыстырып жатырған дәуірлер мен әлеуметтік жүйелердің бірінің ісін бірі жалғастыру, өзгеру факторлары, ауыспалы кезеңдегі аталған жағдайларды қарастыра отырып Сарайшық қаласының өркениеттегі рөлі маңызға ие деп айтуға толықтай негіз бар. Сондықтан, Сарайшық шаһары – тек ортағасырлық тұрақ қана емес, бұл адамдардың ақыл-ой жетістігінің арқасында және субъективті факторлар ықпалымен пайда болған әлеуметтік-мәдени феномен. Сол үшінде Сарайшық тарихы тәуелсіз Қазақстан тарихы үшін өте маңызды.

Әдебиеттер

- Акишев К.А. Байпақов К.М. Ерзакович Л.Б. (1981). Кейінгі ортағасырлық Отырар. Алматы. – 145б.
 Ахметов С.Е.(2003). Қазақ мемлекетінің құрылуы және қазақ хандығының тарихы. Алматы. – 160 б.
 Байпақов К. (2005). Қазақстанның Ежелгі қалалары. – Алматы:Аруна Ltd, – 316 б.
 Байпақов А.(1992). Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан. Алматы.– 200 б.
 Физатов Ж. (2004). Сарайшық- тарихи астана. Ақтөбе. – 192 б.
 Жолдасбайұлы С.Ж. (1996). Жетісу тарихы. Алматы. – 77 б.
 Ибрагимов Н. (1988). Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. Москва.–320 с.
 Қазыбек Н. (1998). Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін. Алматы.– 244 б.
 Қасенов М.С. (2011). Сарайшық қаласы. Атырау: Ағатай баспасы,– 103б.
 Қозыбаев М.К. (1999). Ата тарихы туралы сөз // Егемен Қазақстан, №48 7-8б
 Левшин.А.И. (1996). Описание киргиз-казачьих или киргиз – кайсацких орд и степей. Алматы. –654 б.
 Мұстафин Ж. (2005). Сарайшық қаласының тарихы мен тағдыры: автореферат тарих. ғыл. канд. –Атырау. – 27 б.
 Мұстафин Ж.Ж. (2015). Ортағасырлық Сарайшық. Атырау: Ағатай баспасы, – 177б.
 Орынғали Қ.(2004). Сарайшық хандары. Алматы.– 319 б.
 Сұлтанов Т. (2003). Қазақ хандығының құрылуы. Алматы. – 160 б.

- Тасмагамбетов И., Самашев З.(2001). Сарайшық. Алматы. – 320 б.
Толстов С.П. (1953). Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950 г. Москва: Советская археология, –325с.
Трепавлов В.В. (2002). История Ногайской Орды. Москва. – 584с.
Уәлиханов Ш. (1985). Таңдамалы. Алматы. – 560 б.

References

- Akischev K.A. Bajpakov K.M. Erzakovich L.B. (1981). Kejingi ortarasyrlyk Otyrar. [Late medieval Otrar] Almaty. – 145b.
Ahietov S.E.(2003). Қазақ мемлекетінің құрылуы және қазақ хандығының тарихы. [The formation of the Kazakh state and the history of the Kazakh Khanate] Almaty. – 160 b.
Bajpakov K. (2005). Қазақстанның Ezhelgi қалалары. [Ancient cities of Kazakhstan] – Almaty: Aruna Ltd, – 316 b.
Bajpakov.A.(1992). Yly Zhibek zholy және orta ғасырлық Қазақстан. [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan] Almaty.– 200 b.
Fizатов Zh. (2004). Sarajshyq- tarihi astana. [Sarayshek-historical capital] Ақтөбе. – 192 b.
Zholdasbajly S.Zh. (1996). Zhetisu tarihiy. [History of semirechye] Almaty. – 77 b.
Ibragimov N. (1988). Ibn Battuta i ego puteshestviya po Srednej Azii. [Ibn Battuta and his travels in Central Asia] Moskva.–320 s.
Қазыбек N. (1998). Altyn Ordanyң құрылуынан құлауына дейін. [From the formation to the fall of the Golden Horde] Almaty. 240 b.
Қасенов М.С. (2011). Sarajshyq қаласы. [Sarayshek city] Atyrau: Arataj baspasy,– 103b.
Қозыбаев М.К. (1999). Ata tarihy turaly söz [A word about the history of the ancestors] // Egemen Kazakstan, №48 7-8b
Levshin.A.I. (1996). Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz – kajsackih ord i stepej. [Description of the Kirghiz-Cossack or Kirghiz –Kaysak hordes and steppes] Almaty. –654 b.
Мұстафин Zh. (2005). Sarajshyq қаласының тарихы мен тартыры [History and fate of the city of sarayshek]: avtoreferat tarih. ғыл. kand.–Atyrau. – 27 b.
Мұстафин Zh.Zh. (2015). Ortarasyrlyk Sarajshyq. [Medieval Sarajshik] Atyrau: Arataj baspasy, – 177b.
Orynғali Қ.(2004). Sarajshyq handary. [Sarayshek Khans] Almaty.– 319 b.
Syltanov T. (2003). Қазақ хандығының құрылуы. [Formation of the Kazakh Khanate] Almaty. – 160 b.
Tasmagambetov I., Samashev Z.(2001). Sarajshyq. [Sarayshek] Almaty. – 320 b.
Tolstov S.P. (1953). Horezmskaja arheologo-jetnograficheskaja jekspedicija Akademii nauk 1950 g. [Khorezm Archaeological and Ethnographic expedition of the Academy of Sciences in 1950] Moskva: Sovetskaja arheologija, –325s.
Трепавлов V.V. (2002). Istorija Nogajskoj Ordyy. [The history of the Nogai Horde] Moskva. – 584s.
Уәлиханов Ш. (1985). Таңдамалы. [Custom] Almaty. – 560 b.

Авторлар туралы мәлімет:

- Джангужиев Мақсат Суюнгереевич – Phd, аға оқытушы, “Рухани жаңғыру” орталығы, Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Email: dsi-1949@mail.ru
Балжанова Гаухар Женисовна – оқытушы, “Рухани жаңғыру” орталығы, Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Email: erlan.alataev@mail.ru
Саркулова Г.С. – аға оқытушы, “Рухани жаңғыру” орталығы, Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. E-mail: galiyasarkulova@mail.ru

Сведения об авторах:

- Джангужиев Мақсат Суюнгереевич – Phd, старший преподаватель, центр «Рухани жаңғыру», Западно – Казахстанский аграрно технический университет имени Жангир хана. Email: dsi-1949@mail.ru
Балжанова Гаухар Женисовна – преподаватель, центр «Рухани жаңғыру», Западно – Казахстанский аграрно технический университет имени Жангир хана. Email: erlan.alataev@mail.ru
Саркулова Г.С. – старший преподаватель, центр «Рухани жаңғыру», Западно – Казахстанский аграрно технический университет имени Жангир хана. E-mail: galiyasarkulova@mail.ru

Поступило: 08.12.2023

Принято 20.02.2024